



**Әлеуметтік-эмоционалды
дағдыларды дамытуға
арналған дидактикалық
ойындар картотекасы
№1**



«Жыл мезгілдері»

1

Мақсаты: Мезгіл өзгерістерін ажырата алады

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққалат.б.)

Қайсысы қайда тіршілік етеді

2

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай таба алады, тіршілік орындарын атап ажырата алады.

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады.

Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.





3

«Не артық»

Мақсаты: Рәміз атауларын біледі

Шарты: суреттердің арасынын артығын табады, қалған суреттерді атап, сипаттайды

4

Қалай дыбыстайды?»

Мақсаты: жануарлардың дыбыстарын ажырата алады

Шарты: жануарлардың дыбыстарын тыңдатып, ненің дыбысы екененін тапқызу.








Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліміз қарама!
Емелден ер деген,
Дарымыз шықты ғой,
Намысым бермеген,
Қазағым нақты ғой!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып өгілемін,
Жырым болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол шаңын,
Көң байтақ жерім бар,
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар,
Қарсы алған ұяңдыты,
Мәңгілік досымдай,
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып өгілемін,
Жырым болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!





5

«Қолғап»

Мақсаты: қысқы киімдер туралы білімдері кеңейеді

Шарты: қолғаптардың жұбын табады

6

«Қандай көлік»

Мақсаты: көліктердің не үшін керектігін баяндайды

Шарты: көліктердің суреттерін көрсетіп, оның не үшін керектігін анықтайды





«Нан дастарханға қалай келеді?»


Мақсаты: Бидайдың қалай өсетінімен танысады, диқаншылардың еңбегін бағалауды біледі

Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.

«Бұл қандай құс?»

Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттей алады

Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар? (тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш адамның досы)





«Жалпы атауын ата»

Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шеше алады

Тапқырлыққа үйренеді

ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды

мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.

«Құстарға қалай көмектесеміз?»

Мақсаты: Құстар туралы жалпы түсінік қалыптасқан, құстардың бейнесін сипаттауға үйренеді

Ойын шарты: суреттер

бойынша құстарды екі топқа

топтастыру. Балалар сұрақтарға

жауап береді, бір-бірінің жауаптарын



толықтырады. - Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз?

- Құстар ұяны не үшін салады?

- Құстардың денесін не жауып тұрады?



Happy Father's Day
Created by www.walkson.com | May 14th





11

«Кімге не керек?»

Мақсаты: Мамандық иелерімен танысады, әр мамандықтың қажеттілігін түсінеді. Адам еңбегін бағалауға үйренеді
Ойын шарты: суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екеннің табады.

12

«Гүлдерді күтеміз»

Мақсаты: гүлдер туралы жалпы түсінік бар, гүлдердің күтімімен танысады.

Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.





**Коммуникативтік
дағдыларды дамытуға
арналған дидактикалық
ойындар картотекасы
№1**



1

Дидактикалық ойын: «Жануарларды қалай күту қажет?»

Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарайды. Үй жануарларын ажыратады.

Ойын шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.

- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық:

Жануарларды жақсы көру керек.

Жануарларды күту керек.

Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек.

Олармен ойнау керек.


Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды

2

Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?»

Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттейді және оларды ажырата алады.

Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар? (тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш адамның досы)







3

Дидактикалық ойын: «Не артық?»

Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыра алады



Ойын барысы: Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді.


4

Дидактикалық ойын: «Қыс мезгіліне не керек?»

Мақсаты: Балаларға қысқа қажетті заттарды атай алады.

Ойын шарты: Қыс мезгілінің суретінің жанына, қыс мезгіліне қатысты суреттерді ілу.







Дидактикалық ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен танысады, еңбекті құрметтеуге дағдыланады ,


Көрнекіліктер: әр түрлі мамандықтар суреттері



Ойын барысы: суреттер тақтаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді.

Дидактикалық ойын: «Бұны қай кезде киеді?»

Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін ажырата алад

Ойын шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.





Дидактикалық ойын: «Өзім және отбасым»

Мақсаты: отбасы мүшелерін таниды, қадірлейді..

Ойын шарты: суреттер бойынша әңгіме жүргізу.


Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешен, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады.

Дидактикалық ойын: «Жақсы әдет» пен «Жаман әдет»

Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолданады.

Адамгершілікке үйренеді **Ойын шарты:** Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып айтады.









Весна. Помощь взрослым



Курица

Табиғат құбылыстарын ата

Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайды ерекшеліктерді айта алады

«Көңіл күйді көрсету»

Ситуациялық көрініс (сахналау)

- Сыйлаған гүл шоғын қабылдау кезіндегі қуаныш.
- Жақын адамыңмен кездесу кезіндегі шаттық
- Достарыңмен қоштасу кезіндегі мұң
- Өз досыңның жетістігіне мақтаныш
- Өзіңнің жіберіп алған қателігіңе реніш.

«Менің көңіл – күйім қандай?» мұнда ортаға бір бала шығып, өз көңіл-күйін мимикамен, түрлі қимыл-қозғалыстар арқылы көрсетеді. Қалғандары оны тауып айтады.













«Артық сөзді тап» ойыны

Мұнда балаларға суреттер сериясы беріледі. Әрбір серия 4 суреттен тұрады, оның 3 суреті бір тектес және оларға тән ортақ қасиет бойынша біріктіріледі де 1 сурет алып тасталынады. Суреттер сериясы

1. әке, ана, дәрігер, апа
2. нан, сүт, ірімшік, қаймақ.

«Төлің тап»

Мақсаты: Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейеді, олардың төлдерімен танысады

Шарты: Үй жануарларының төлдерін тауып сызықтар арқылы қосады





Бау-бақша ойыны

13

Мақсаты: жеміс пен көкөністің айырмашылығын таба алады

Ойын шарты: Үстелге муляждарды немесе нақты жемістер мен көкөністерді қояды. Оның қасына екі себет қояды, бірін көкөністерге, екіншісін жемістерге салады. Балаға бір затты бір-бірден алып, оны себетке салу керек: «Өрік - жеміс, өйткені ол ағашта өседі» және т.б.

«Не қайда жатыр?»

14

Ойынның мақсаты: Баланың ой өрісін кеңейеді, ойлау қабілетін дамиды.

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға кез келген затты айтады. Ойынға қатысқан балалар сол заттың қайда жатқанын анықтап, сипаттайды.







15

«Дүкен»

Ойынның мақсаты: Балаларды рөлдерге бөлініп, сол рөл бойынша әрекет жасай алады.


Ойынның мазмұны: Бір баланы сатушы етіп, қалған балалар сатып алушы болып ойнайды.



(Мысалы, Сатушы «Келіңіз, сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету).

16

Ойынның мақсаты: Ыдыс аяқ түрлерін ажырата алады.

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ыдыс аяқтың суретін береді. Балалар ол ыдыс аяққа не салатынын айтады мысалы: қантты қант салғышқа және т.б.





«Кім? Не?» (зат есімдер)

17

Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды ажырата алады.


Ойынның мазмұны: Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?, жансыз болса не? Сұрағы қойылады.

«Керісінше айт»

18

Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйренеді.

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық.



Тірі табиғат

Өлі табиғат

«Сөз қос»


Ойынның мақсаты: сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырта алады


Ойынның мазмұны: балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады. Тәрбиеші сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.

«Сиқырлы суреттер»

Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілеті, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсынады.









Коммуникативтік дағдыларды

дамытуға арналған

дидактикалық

ойындар картотекасы

№2





№ 1

Дидактикалық ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»

Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу. Сөздік қорын молайту.

Шарты: әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінің сұрайды.

Олардың немен қоректенетінің айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы балалардың білетін өлең, жұмбақтарын айтқызады.



№ 2

Дидактикалық ойын: “Бұл қай мезгіл?”

Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.

Шарты: күзгі бау- бақшадағы жемістер Мен көкіністердің аттарын атап, пішіндерін, түстерін ажыратады.

Күздегі егін жинауды өмірмен байланыстыра айтады. Күзгі жапырақтардың түстерін ажыратады.

Олардың ерекшеліктеріне тоқталады.

Күзгі ауа- райының ерекшелігін айтады.





№ 3

Дидактикалық ойын: «Қарап алда есіңе сақта»

Мақсаты: балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әрқайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларын, аңдарды және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Шарты: әр түрлі суреттерді теледидардан көрсетіп шығады.

Балалар бірінші суреттен үй жануарларын, екінші суреттен жабайы аңдарды атап шығады. Жалпы және жеке ұғымдарды бекітіп, оларға қамқоршы болу үшін не істейтіндері сұралады.



№ 4


Дидактикалық ойын: «Нан қалай жасалады?»

Мақсаты: балаларға нанның жасалу жолын түсіндіру. Нан жасауға қатысатын адамдар еңбегін бағалау, қадірлеуге тәрбиелеу. Нанды құрметтеуге үйрету.

Шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі.

Балалар күнделікті жеп жүрген нанның үлкен еңбекпен келетінін білетін болады.

Нан туралы ойларын кезек-кезек айтып шығады.





№ 6

Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары»

Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Шарты: балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге олардың дене мүшелерін де ататып, үй жануарлары туралы балалардың білетін жұмбақтарын шешкізеді.





№7

Дидактикалық ойын: «Қысқы тіршілік»

Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту.

Шарты: балалар жалпы құстардың ішінен қыстап қалатын құстардың аттарын жеке-жеке атап, оларды тауып, орман ағаштарына орналастырады. Ол құстардың қалай дыбыстайтынын ажыратады. Қыстап қалатын құстар тіршілігі туралы ойларын айтады. Қыстап қалатын құстарға қандай қамқорлық жасауға болатынын айтады.



№8

Дидактикалық ойын: «Жайлауда»

Мақсаты: балаларды жайлаудағы тіршілікпен таныстыру. Жайлаудағы табиғат-ерекшкліктерін айтқызу.

Шарты: балалар жайлаудағы көріністі бейнелейді. Жайлау көрінісіне қажетті заттардың аттарын атап, орналастырады. Олар туралы білетіндерін айтады. Жайлаудағы табиғатты суреттейді. Жайлауға адамдар не үшін шығатының айтқызады.





№ 9

Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз»

Мақсаты: балаларды суреттегі бет-әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету.

Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу.

Шарты: бет-әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады.

Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу.

Күліп тұрған бала

Ренжіп тұрған бала

Аузын ашып тұрған бала

Аузын томпайтып тұрған бала т,б суреттер



№10

Дидактикалық ойын: «Не артық?»

Мақсаты: балаларды суретке, оларды топтастыруға үйрету.

Шарты: үлгідегідей әр түрлі берілген суреттер-

ден ненің артық екенін табады.

Берілген суреттерді топтастырып, олардың жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерің бекітеді.





№ 11

Дидактикалық ойын: «Бұл не?»

Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру.

Шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйретеді.

Шарты: Балаларға үлестірмелі материал таратылып беріледі. Оның ішінде көкөністер мен жемістердің суретінің қиындылары бар, осы қиындыларды құрастырып, атын атап береді.



№12

Дидактикалық ойын: «Бізге күз не әкелді?»

Мақсаты: Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету.

Шарты: суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында олар туралы балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға болады.





№ 13

Дидактикалық ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?»

Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайн, элеватор, диірмен.

Шарты: Берілген суреттер бойынша нан дастарханға қалай келетінін, қандай еңбекпен келетін айту, әңгімелеу



№ 14

Дидактикалық ойын: «Жануарларды қалай күту қажет?»

Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.

Шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.
- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық;
Жануарларды жақсы көру керек.
Жануарларды күту керек.

Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек. Олармен ойнау керек.

Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды





№ 15

Дидактикалық ойын: «Сән ательесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атауды үйрету.

Шарты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу



Дидактикалық ойын: «Өзім және отбасым»

Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.

Шарты: суреттер бойынша әнгіме жүргізу.

Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз бесеуміз.

Анам, әкем, апам, атам және мен.

Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз бесеуміз. Балалар санамақты тыңдап, тәрбиешінің артынан қайталайды. Саусақтарымен санап көрсету арқылы санамақты қайталайды.

Санамақта ата, апа, аға, әпке, бауыр туралы айтылған. Осы айтылғандардың бәрін отбасы деп атаймыз.

Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкен мен шешен, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады.





№ 17

Дидактикалық ойын: «Жақсы» мен «Жаман»

Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.

Шарты: Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып айтады.



№18

Дидактикалық ойын: «Жол әліппесі»

Мақсаты: Балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету.

Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру

Шарты: Көлік жүргізушілер мен жүргіншілер жолда қалай жүру керек екенін, жол ережесі туралы суреттер көрсетіп, әңгімелейді.





№ 19

Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта»

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру. Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту.

Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтад, ал балалар аяқтайды.

Қарға ұшады, ал ат...(шабады)

Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды)

Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді)

Қасқыр ұлиды, ал қой...(маңырайды)

Түйе боздайды, ал жылқы...(кісінейді)

Лимон қышқыл, ал қант...(тәтті)



№20

Дидактикалық ойын: «Қысқы ойындарды ата»

Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыстағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру.



Шарты: Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсете отырып, сұрақ қояды. Балалар суреттерді тауып, қыстырғышпен қыстырып, сұрақтарға жауап береді, әңгіме құрастырады.





№ 1














№ 6


























№ 15



№ 16



